

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелеріне арналған визалық талаптар туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 қазандағы N 941 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2007 жылғы 4 маусымда Сеул қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелеріне арналған визалық талаптар туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелеріне арналған визалық талаптар туралы келісім**

(2008 жылғы 5 желтоқсанда күшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2008 ж., N 6, 31-құжат)

(Бұдан әрі - Тараптар деп аталатын) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі,

екі ел арасында орнаған достық қатынастарды және экономикалық байланыстарды одан әрі нығайтуға ниет білдіре отырып,

дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелеріне арналған Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы сапарлардың шарттарын жеңілдетуге ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Жарамды дипломатиялық немесе қызметтік паспорттары бар және екінші Тараптың мемлекеті аумағында тіркелмеген бір Тарап мемлекетінің азаматтары келген күнінен бастап тоқсан (90) күннен аспайтын кезеңге екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келе алады, одан кете алады, жол жүре алады және онда уақытша бола алады.

**2-бап**

1. Екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы дипломатиялық миссияға, консулдық мекемеге немесе халықаралық ұйымға жұмысқа жіберілген жарамды дипломатиялық немесе қызметтік паспорттары бар бір Тарап мемлекетінің азаматтары тағайындалған елге келгенге дейін іссапардың бүкіл мерзімі ішінде қолданыста болатын көп мәртелі келу визасын алуы тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағының шарттары, сондай-ақ жарамды дипломатиялық немесе қызметтік паспорттары бар, 1-бапта аталған азаматтың оның отбасы мүшесі болып табылатын және онымен іссапар кезінде бірге тұратын барлық отбасы мүшелеріне қолданылуға тиіс.

3. Жіберуші Тарап мемлекетінің құзыретті органдары қабылдаушы Тарапты олардың азаматының сол Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан дипломатиялық миссияға, консулдық мекемеге немесе халықаралық ұйымға жұмысқа жіберілгені туралы дипломатиялық арналар арқылы алдын ала хабарлауы тиіс.

### **3-бап**

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарында аталған кез келген Тарап мемлекетінің азаматтары халықаралық қатынастар үшін ашық барлық шекараны кесіп өту пункттері арқылы екінші Тарап мемлекетінің аумағына келе алады, одан кете алады және ол арқылы жол жүре алады.

### **4-бап**

1. Жарамды дипломатиялық немесе қызметтік паспорттары бар және екінші Тараптың мемлекетінде 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясымен немесе 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясымен көзделген артықшылықтар мен иммунитеттері жоқ бір Тарап мемлекетінің азаматтары өзінің осы екінші Тарап мемлекетінің аумағында болуы кезінде оның қолданыстағы заңнамасы мен ережелерін сақтауға міндетті.

2. Тараптардың әрқайсысы қолайсыз деп танылған немесе *persona non grata* деп жарияланған екінші Тарап мемлекеті азаматының келуіне бас тарту, оның болу мерзімін қысқарту немесе тоқтату құқығын сақтайды.

### **5-бап**

1. Әрбір Тарап мемлекетінің уәкілетті органдары осы Келісімге қол қойылған күннен бастап отыз (30) күн ішінде дипломатиялық арналар арқылы олардың жарамды дипломатиялық немесе қызметтік паспорттарының үлгілерімен алмасуы тиіс.

2. Өзінің дипломатиялық немесе қызметтік паспорттары өзгерген жағдайда, кез келген Тарап екінші Тарапқа жаңа паспорттардың үлгілерін табыс етуі және оларды

қолданысқа енгізгенге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей оларды қолданудың шарттары туралы екінші Тарапқа хабарлауы тиіс.

## **6-бап**

Қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп және денсаулық сақтау мақсатында кез келген Тарап осы Келісімнің қолданылуын толық немесе ішінара уақытша тоқтата алады. Осындай тоқтата тұру және тиісінше оның күшін жою туралы екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы қысқа мерзімде хабар берілуі тиіс.

## **7-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер арқылы шешіледі.

## **8-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделеді.

## **9-бап**

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **10-бап**

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді және белгіленбеген уақытқа өз күшінде қалады.

2. Осы Келісім екінші Тараптың осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын Тараптардың бірі алған күннен бастап 90 (тоқсан) күн өткен соң өзінің қолданылуын тоқтатады.

Осыны куәландыру үшін осыған тиісті түрде уәкілеттік алған төмендегі қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2007 жылғы 4 маусымда Сеул қаласында әрқайсысы қазақ, корей және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің заңды күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Корея Республикасының  
Үкіметі үшін

РҚАО-ның ескертуі: Бұдан әрі Келісімнің ағылшын және корей тілдерінде мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК